

ShymkentBuild

3-ші Оңтүстік Қазақстан құрылыс
және интерьер көрмесі

Шымкент, Қазақстан

Жүргізудің
қорытындылары
бойынша есеп



Көрме туралы

Ашылу салтанаты



15-17 наурызда Шымкент қаласындағы "Көрме" көрме орталығында **ShymkentBuild 2017** 3-ші Оңтүстік Қазақстан құрылыс және интерьер көрмесі өтті.

Ресми ашылу салтанатына:

- **Илияс Оспанов** - Облыстың кәсіпкерлік, индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары
- **Ғазизбек Натбаев** - Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары
- **Гүлзана Абдушарипова** - "Itesa" компаниясының ОҚО Өңірлік жобаларының басшысы қатысты.

Өзінің құттықтау сөзінде Илияс Оспанов құрылыс саласының экономиканың даму тарапынан ғана емес, сонымен қатар, қарапайым адамның тұрмысы үшін де маңызды құрамдастардың бірі екендігін атап өтті.

"Өздеріңіз білетіндей, облыста үлкен жобалар іске қосылуда, олар мемлекеттік-жеке серіктестік (МЖС) механизмі арқылы қазіргі таңда құрылыс саласын дамыту мақсатын көздейді, ShymkentBuild сияқты алаңдар бізге бірінші кезекте мұны жоғары деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Біздің өңірдегі құрылыс үлкен үлесті алып жатыр. Өңірде ТМД елдерінің аумағында аналогтары жоқ құрылыс материалдары шығарылуда."


Келушілер

Лауазымдық деңгейі

15 – 17 наурыз 2017
Көрме орталығы
Шымкент, Қазақстан




Лауазымдық деңгейі



- Компанияның басшысы / Иесі
- Менеджер / Маман
- Компания басшысының орынбасары
- Жеке кәсіпкер
- Бөлімнің/топтың басшысы

Көрмеге келудің мақсаты



- Бизнес үшін өнім немесе қызметті іздеу
- Жалпы салалық ақпаратты алу
- Өзінің тауарлары мен қызметтерін жылжыту
- Білім беру мақсаттары


Келушілер

География

15 – 17 наурыз 2017
Көрме орталығы
Шымкент, Қазақстан



Келушілердің географиясы



Келушілердің көбісі Қазақстаннан - **834**, көрмеге барлығы **9 елден** келушілер қатысты. Қазақстандық келушілердің көбісі Оңтүстік Қазақстан облысынан болды (**73,3%**). **Құрылыс ұйымдарының** 16 өкілі Өзбекістаннан келді.

Келушілер

Қызмет ету саласы

15 – 17 наурыз 2017
Көрме орталығы
Шымкент, Қазақстан



Компанияның қызмет түрлері бойынша келушілерді бөлу

Өндіріс	34%
Бөлшектеп сату	17%
Көтерме сауда	11%
Көтерме-бөлшектеп сату	7%
Ғимараттарды және құрылыстарды салу	10%
Жобалау және инжиниринг	4%
Орын-жайларды әрлеу мен жөндеу	3%
Дизайн және сәулет	3%
Мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдары	2%
Жол құрылысы	1%
Басқасы*	6%

*"Басқасын" құрылыс-монтаж жұмыстарымен, өндіріспен, логистикамен, инжинирингпен айналысатын компаниялардың мамандары, сонымен қатар, БАҚ, оқу орындарының өкілдері және т.с.с. таңдады.

73% келушілер ShymkentBuild көрмесіне келудің бизнесі үшін маңызды деп санайды.

Келушілер

Мамандандыру

15 – 17 наурыз 2017
Көрме орталығы
Шымкент, Қазақстан



Өндіріс пен сауда бойынша келушілердің мамандандырылуы

Құрылыс материалдары мен құрылымдар	458
Құрылыс жабдықтары мен құрамдастар	149
Әрлеу материалдары	111
Едендік жабындар	66
Есіктер	47
Қақпалар мен автоматика	30
Құралдар мен бекіткіштер	33
Терезелер мен бейінді жүйелер	33
Бояулар мен жабындар	42
Жарық пен электрика	42
Сәулет шынысы	34
Тұсқағаздар, қабырға жабындары	20
Ішкі көріністің заттары	14
Күйіктас және тас	25
Сантехникалық жабдық	16
Жылу	30
Сумен жабдықтау/суды дайындау	28
Суды тазалау	20
Желдету мен салқындату жүйелері	22
Сорғы жабдығы	17

Келушілер

Қызықтыратын өнім

15 – 17 наурыз 2017
Көрме орталығы
Шымкент, Қазақстан

Өнімнің жеке түрлеріне қызығушылық танытқан келушілердің саны



*Жауаптың көптеген таңдауының нұсқалары бар сұрақ қолданылды

Қатысушылар

Осы жылы Қазақстаннан, Өзбекістаннан, Ресейден және Қырғызстаннан **40** астам өндірушілер, жеткізушілер және БАҚ өкілдері, Оңтүстік Қазақстан облысынан **11** компания қатысты.

Қатысушылардың стендтерінде ұсынылды: қаптайтын күйіктас кірпіші, керамзит, мәрмәр, жарықтандыратын құралдар, жарық электр техникасы, фибробетонға арналған жабдық, ванна бөлмелеріне арналған жиһаз, жабынды және қасбеттік материалдар, цемент, құбырлар, фитингтер, құбыр арматурасы, радиаторлар, еден жабындары, жеңіл металл құрылымдары, түрлі мақсаттағы шиналар, шыныларға арналған фурнитура, арнайы техника, бетон және көптеген тағы басқалары.

15 – 17 наурыз 2017
Көрме орталығы
Шымкент, Қазақстан

"Осы көрмеде біз келушілердің көптігін атап өткіміз келеді. Өткен жылмен салыстырғанда жаңа клиенттер өте көп. Біз сөзсіз келесі жылы да қатысуды қарастырамыз. Біздің компания шамамен 10 жыл Алматыдағы KazBuild экспоненті болып табылады, бірақ Оңтүстік Қазақстан облысындағы нарықтың өсуін ескере отырып біз ShymkentBuild 2017 жылжудың басымды орнына айналады деген сенімдеміз."

Юлия Иванова

ПолимерМеталл-Т компаниясы

Жабынды және қабырғалық сэндвич-панельдерінің өндірушісі

"Біз келушілердің тарапынан үлкен белсенділік пен қызығушылықты байқап отырмыз, іскерлік қарым-қатынастарды ретке келтірген клиенттер де бар. ОҚО ғана емес, солтүстік өңірлерден де, Астанадан, Қызылордадан, Тараздан да көптеген келушілер болды. Сонымен қатар, Өзбекістаннан да келушілер көп болды"

Нұрлан Тамбаев

Кант ТШП ЖШҚ

Хризотилцементті өнімді шығару жөніндегі зауыт



77% қатысушылар ShymkentBuild көрмесіне қатысуды бизнес үшін маңызды деп санайды

Қолдау

РЕСМИ ҚОЛДАУШЫЛАР:



Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі



Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ



ПАЛАТА ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ




Қазақстанның құрылысшылар одағы



ҚР-дағы Ресей Федерациясының Сауда өкілдігі

15 – 17 наурыз 2017
Көрме орталығы
Шымкент, Қазақстан

АҚПАРАТТЫҚ ҚОЛДАУШЫЛАР



Жарнамалық науқан

15 – 17 наурыз 2017
Көрме орталығы
Шымкент, Қазақстан

▪ **Телемаркетинг**
"Келушінің портретіне" сай жыл бойы 1 500 астам компанияға қоңырау шалынды



▪ **Пошталық VIP таратылымы**
іс-шараға 1,5 ай қалғанға дейін



▪ **E-mail маркетинг**
Саланың кәсіби мамандарының 8 000 астам байланыстарының база бойынша таратылымы



▪ **ТД жарнама**
Отырар ТВ арнасындағы бейне-роликтер, КТК және НТК арнасындағы жүгіртпе жолдар

▪ **Сыртқы жарнама**
Билбордтар, көліктегі жарнама




▪ **Әлеуметтік желілер: Facebook**




▪ **СМС таратылым**

▪ **Промо - науқандары**
Шақыру билеттерін тарату



Қатысушылар ға арналған сервис



- **Жыл бойы сайтта ұсынылған өнімдер туралы хабарламаны тегін жариялау**
Жаңалықтар, сатылым "хиттары", арнайы науқандар және ұсыныстар, өнімнің бәсекелес басымдылықтары немесе қызметтері туралы ақпарат.
- **Қатысушылардың стендтеріне келушілерді тартуға арналған арнайы құралдар:**
 - Клиенттер мен серіктестер үшін электрондық шақырту
 - Компанияның сайтында орналастыруға арналған "Біздің стендке келіңіз" баннері
 - Қолтаңбаға және e-mail таратылымына арналған кескін
 - Клиенттер мен серіктестер үшін басып шығарылған шақырту
 - Шақырту хатының үлгісі және Қатысушылардың сұранысы бойынша басқа материалдар.
- **Келесі мүмкіндіктерді ұсынатын Қатысушының жеке кабинеті:**
 - Көрменің каталогына компания туралы ақпаратты беру
 - Стендтің нөмірімен және компанияның атауымен электрондық шақыртуды жүктеу
 - Қатысушының бейджін алу үшін компанияның қызметкерлерін алдын-ала тіркеу
 - Сайттың басты бетінде және Қатысушылардың интерактивті тізімінде орналастыру үшін логотипті жүктеу
 - Көрме бойынша техникалық нұсқаулық пен логистиканы жүтеу және көптеген тағы басқалары.



Ұйымдастыру шылар

15 – 17 наурыз 2017
Көрме орталығы
Шымкент, Қазақстан



Сіздің компанияңыздың қатысуының басымдылығы:

- Жаңа нарыққа шығудың бірегей тәсілі
- Мамандарды құрылыс саласындағы өнімдермен және жаңа технологиялармен таныстыру
- Жаңа іскерлік байланыстарды реттеу
- Өткізудің өңірлік арналарын кеңейту

Көрмеге қатысу туралы толық ақпаратты алу үшін ұйымдастырушыларға хабарласуыңызды сұраймыз:

Ұйымдастырушылар: "Iteca" ЖШС, ITE Group Plc

Арна Құрманова - Жоба менеджері
E-mail: Arna.Kurmanova@iteca.kz

Тел. + 7 727 258 34 34, ішкі нөмірі 205

ShymkentBuild 2018 стендін брондаңыз!

Статистика ShymkentBuild 2017 көрмесінің мәліметтері бойынша көрсетілген

